Балаларға арналған аттракцион алаңын (джампинг кенгуру және т.б.) ашу және жабдықтау қызметіне арналған жерді жалға алу

Орналасқан жері: Кентау қаласы, Абай даңғылы 2/8
Жер көлемі: 400,0 ш.м.

1. Тауарлар мен жабдықтарға қойылатын техникалық талаптар

Әлеуетті қатысушы төмендегі параметрлерге толық сәйкес келетін жабдықтарды жеткізуі, орнатуы және іске қосуы тиіс:

1.1 **Конструкция түрі:** Аттракцион жеңіл конструкциялы, мобильді (капиталдық емес) болуы тиіс. Орнату кезінде жерді қазу, іргетас (бетон) құю жұмыстары жүргізілмейді. Конструкция өздігінен тірелетін тұрақты болат рамалардан және реттелмелі тіреуіш табандардан тұруы шарт.

1.2 **Экологиялық және СЭС нормалары:** Өнімдер (секіру төсемдері, қорғаныс жастықтары, белдіктер) экологиялық тұрғыдан қауіпсіз, улы емес, аллергия тудырмайтын материалдардан жасалуы керек.

1.3 **Металл каркас және Секіру жүйесі**

Орындар саны: Бір уақытта кемінде 4 (төрт) баланың дербес секіруіне арналған 4 жолақты (секторы) болуы тиіс.

Тірек конструкциясы: Корпусы қалың қабырғалы, тот баспайтын немесе ұнтақты бояумен қапталған берік гальванизацияланған болат құбырлардан жасалуы шарт. Конструкцияның биіктігі кемінде 4.5-5.5 метр аралығында болуы керек.

Серіппелер мен Секіру матасы: Секіруге арналған мата (полотно) жоғары беріктігі бар перматрон (Permatron) немесе соған теңестірілген материалдан жасалуы керек. Серіппелер механикалық жүктемеге төзімді, дыбыссыз және сыртынан қалың қорғаныс жұмсақ жастықшаларымен (ПВХ қаптамасы) толық жабылуы тиіс.

Эластикалық тартқыштар (Резинкалар): Жоғары сапалы, көп қабатты латексті немесе каучукты арқандардан жасалуы керек. Олар баланың салмағына сәйкес секіру биіктігін реттеуге мүмкіндік беруі тиіс.

1.4 **Бекіту және Электрлі көтеру жүйесі**

Қауіпсіздік белдіктері: Әрбір сектор баланың денесін төрт жағынан сенімді бекітетін, өлшемі реттелмелі жұмсақ анатомиялық жилеттермен (альпинистік сақтандырғыш жүйесі тәріздес) жабдықталуы шарт. Белдіктердің бекіткіштері (карабиндер) автоматты құлыптау жүйесімен қамтылуы тиіс. Жиынтықта түрлі жастағы балаларға арналған кемінде 4-8 дана жилет болуы керек.

Көтеру механизмі: Қауіпсіздік жіптерін көтеріп-түсіру жүйесі **электрлі лебедкалармен** жүзеге асырылуы тиіс. Әрбір секторға дербес жұмыс істейтін 1 (бір) электрлі лебедка орнатылады (жалпы саны 4 дана).

Қуаттылығы және Басқару: Электрлі лебедкалардың жалпы қуаты 1.1-2.2 кВт-тан аспауы тиіс, кернеуі 220В. Басқару пульттері (батырмалары) тек оператордың кабинасында немесе балалардың қолы жетпейтін орталық қорғаныс блогында орналасуы шарт.

Қорғаныс аймағы мен Төсеніш: Аттракционның астына және оның айналасындағы 1.5 метрлік радиусқа қалыңдығы кемінде 30-40 мм болатын, соққыны бәсеңдететін жұмсақ резеңке плиткалар немесе арнайы спорттық маттар төселуі міндетті.

Ақпараттық тақта: Аттракционның кіреберісінде пайдалану ережелері, салмақ шектеулері (мысалы, 15 кг-нан 50 кг-ға дойн) және жас шектеулері нақты жазылған көрнекі тақта орнатылуы шарт.

Орнату тәсілі: Механикалық немесе гидравликалық тіреуіш табандары (аутригерлері) бар платформа. Салмақты біркелкі бөлу үшін тірек астына қорғаныс брустары қойылады.

Қозғалыс траекториясы: Кабинаның маятниктік тербелісі (120° дейін) және отыру шеңберінің айналуы. Максималды биіктігі 6-8 метрден аспауы тиіс.

Электр қуатын тұтыну: 11 кВт – 22 кВт. Желі кернеуі: тек 380В (немесе автономды дизельді генератор).

Қауіпсіздік элементтері: Екі деңгейлі иық фиксаторлары (наплечные поручни), пневматикалық/механикалық автоматты құлыптар, құлыптың жабылуын қадағалайтын электронды датчиктер.

Апаттық жүйе: Желіде жарық өшкен жағдайда кабинаны автоматты түрде немесе механикалық жолмен қауіпсіз төменгі нүктеге түсіретін резервтік жүйенің болуы міндетті.

Жас/бой шектеуі: 12 жастан бастап (бойы 140 см-ден кем емес).

2. **Жерге тұйықтау (Заземление):** Барлық металл конструкциялар ұлттық ПУЭ (Электр қондырғыларын орнату ережелері) нормаларына сай жерге тұйықталуы және оның сынақ актісі болуы тиіс.

3. **Ақпараттық тақталар:** Әр аттракционның кіреберісінде пайдалану ережелері, жас, бой, салмақ шектеулері, сондай-ақ ТЖД және жедел жәрдем телефондары жазылған көрнекі тақталар орнатылуы шарт.

4. **Әлеуетті қатысушыға қойылатын біліктілік талаптары**

Конкурсқа қатысушы заңды түрде мына талаптарға сай болуы керек:

4.1 Стандарттарға сәйкестік: Жеткізілетін аттракцион жабдықтары **«Аттракциондардың қауіпсіздігі туралы»** техникалық регламентіне сәйкес келуі және тиісті сәйкестік сертификаты немесе декларациясы болуы тиіс.

5. **Орындау және жеткізу мерзімдері**

ҚР заңнамалық актілеріне және мемлекеттік тіркеу мерзімдеріне сәйкес, жобаны толық іске асырудың мерзімі: конкурс қорытындысы бойынша келісімшарт ресми тіркелген сәттен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күннен аспауы тиіс (жабдықтарды жеткізу, құрастыру, аттракцион орнату, аккредиттелген зертхананың техникалық куәландыруынан өткізу және акт алу, жергілікті атқарушы органда аттракционды ресми есепке қойып, пайдалануға рұқсат алу және т.б.).

6.Іске асыру мерзімі

Құрылыс жұмыстары толық аяқталып, нысан СЭС пен ТЖД (Өрт қауіпсіздігі) талаптарына сәйкестендірілгеннен кейін іске қосылады.